

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



БЕКІТЕМІН

Педагогика және психология
институты Ғылыми Кеңесінің
төрағасы, институт директоры

Әлмұхамбетов Б.А

2018ж.

хаттама



**«6М050300-Психология» мамандығы бойынша қабылдау емтиханының
бағдарламасы**

Алматы, 2018

58. Степанов С. Популярная психологическая энциклопедия. М., 2003 Эксмо, 2003.

Жалпы психология

Жалпы психологияға кіріспе.

Жалпы психологияның пәні, міндеттері және функциясы. Психологияның принциптері, бейнесі, субъектісі, дамуы сана және іс-әрекет бірлігі, психологиялық құбылыстардың жүйелі детерминациясы.

Психика ақиқат бейнесінің бір формасы туралы түсінік. Сана және бейсаналық. Психология пәні туралы түсініктің дамуының негізгі кезеңдері. Психологияның салалары және психологиялық практиканың міндеттері. Психологияның әдістері. Психикалық құбылыстарды зерттеудің объективті әдістері: бақылау, өзі-өзі бақылау, табиғи және лабораториялық эксперимент, қалыптастырушы эксперимент, психодиагностикалық тесттер.

Іс-әрекетті психологиялық талдау.

Іс-әрекет туралы жалпы түсінік. Іс-әрекет құрылымы. Іс-әрекет субъектісі. Іс-әрекеттің мақсаты және мотиві. Іс-әрекет және психикалық процесстер. Іс-әрекет және қарым-қатынас. Әрекет адам іс-әрекетінің бірлігі ретінде. Психомоторика туралы түсінік. Әрекеттің қозғалыс құралы.

Мотивация психологиясы және ерік мотивацияның негізгі теориясы: бихевиоризм, психоанализ, гештальт-психология, гуманистік психология, мотивацияның кеңестік теориясы (А.Н.Леонтьев, Д.Н.Узнадзе және оның мектептері). Іс-әрекеттің психологиялық теориясындағы мотивация проблемасы.

Жетекші іс-әрекет және жетекші мотивация түсінігі (Д.Б.Эльконин). Мотивтен мақсатқа өту механизмі (А.Н.Леонтьев). Нұсқау мотив ретінде.

Жалпы психологиядағы тұлға.

Тұлға түсінігі. Тұлғаның негізгі қасиеттері: белсенділік, саналылық, дербестілік, даралылық. Тұлға типологиясы. (А.Ф.Лазурский, Э.Шпрангер, К.Г.Юнг). Психологиядағы тұлғаны зерттеу әдістері. Тұлға құрылымы туралы түсінік. Тұлға құрылымының негізгі блоктары. Тұлға құрылымындағы сана және өзіндік сана. Тұлға дамуы. Оқыту және тәрбиелеу процесіндегі тұлға дамуы. Оқыту және тәрбиелеу процесіндегі мақсатқа бағытты қалыптастыру ретінде. (Л.С.Выготский және А.Н.Леонтьев мектебі).

М.Мұқановтың психология дамуына қосқан үлесі.

Қазақстандағы психологиялық-педагогикалық ой-пікірдің, оқу-ағарту ісінің дамуы және мектептер тарихын Т.Тәжібаев, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтардың философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарастарын жан-жақты зерттеген ғалым. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы оқу-ағарту ісімен педагогикалық ой-пікір дамуы жөніндегі зерттеулері көлемді, әрі маңызды зерттеулер қатарынан саналады.

Дамыта оқыту технологиясы.

Дамыта оқыту технологиясы - оқушының оқу, білім алу процесінде жан-жақты дамуын оқытудың басты мақсаты ретінде қабылдайды.

Дамыта оқыту идеясын әдіскер ғалым В:В Давыдов ұсынған. Даму дегенде оқушының ойлауы, табандылығы, зейіні, оқу дағдысы мен іскерлігі тағы басқа да қабілеттерін дамытуды айтамыз.

Қазіргі кездегі білім берудің психологиялық мәселелері.

Қазіргі заманғы психологиялық білім мен оның тәжірибесіне деген қызығушылықтың өсуі жоғары мектептегі психологияны оқытудың әдістемесіне жаңа, әрі тиімді әдістерді енгізуді қажет етіп отыр. Психологияны оқытудың тиімділігі негізінен педагогтың оқу процесін психология ғылымының теориясы мен тәжірибесінің мазмұнына сай ұйымдастыру іскерлігіне байланысты болады.

Осыған байланысты психология пәнінің оқытушысы психологияның теориялық сұрақтарымен бірге, студенттерде жоғары мектепте оқу барысында пайда болатын психологиялық мәселелерге қатысты сұрақтарына да жауап бере білуі керек болатыны түсінікті. Себебі, психологияны оқыту әдістемесі студенттердің ерекшеліктерін ескеруі міндетті.

Қарым-қатынас әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде.

Қарым-қатынастың құрылымы, мазмұны, формасы және механизмі, қарым-қатынастың негізгі жақтары: коммуникативті, перцептивті және итерактивті және олардың бірлескен іс-әрекеттің сипатымен және қарым-қатынас бойынша әріптесінің қатынасы сипатымен байланысы. (Г.М. Андреева, Е.С. Кузьмин). Қарым-қатынас жетістігінің факторы. Қарым-қатынас және іс-әрекет.

Кіші топ психологиясы.

Топтық феномендерді оқытудағы жетекші бап. Кіші топты психологиялық талдаудың жалпы сипаттамасы. Топтық феномендерді зерттеу әдістерінің жалпы сипаттамасы. Тұлға және топ. Топтағы норма құру проблемасы. Топтық әрекет механизмі және тәсілдері. Конформизм феномені. Топ дамушы жүйе ретінде. Топтық динамика. К. Левин және оның динамикалық теориясы.

Тұлғаның қазіргі теориясы

«Тұлғаның қазіргі теориясы» психологиялық курстың жалпы сипаттамасы.

Тұлға теориясы. Тұлға теориясының компоненттері. Тұлға теориясының бағалау критеріі. Адам табиғатына тиісті негізгі жағдайлары.

Тұлға теориясындағы психодиагностикалық бағыт.

З. Фрейд-психоанализдің негізін қалаушы. Психоанализдің әдістемелік мәртебесі. Психоанализдегі қазіргі тенденциялар. К. Юнгтің аналитикалық психологиясы. А. Адлердің индивидуалды психологиясы.

Эго-психология және оның оның тұлға теориясы бағыттарымен байланысы: Эрик Эриксон, Эрик Фромм и Карен Хорни.

Эрик Эриксон: тұлғаның эго-теориясы. Эго-психология: психоанализдің даму нәтижелері. Тұлға дамуының психологиялық әлеуметтік

кезеңдері. Э.Эриксонның бірізділік концепциясы. Эрик Фрамм: тұлғаның гуманистік теориясы, оның негізгі концепциясы және принциптері. Карен Хорни: тұлғаның әлеуметтік мәдени теориясы, оның негізгі концепциясы және принциптері.

Гуманистік бағыттар теориялары.

К. Роджерстің клиентке бағытталған психотерапиясы. А. Маслоудың өзін-өзі өзіктендіру түсінігі. А. Маслоудың қажеттілік иерархиясы.

Гештальттерапия. Ф. Перлз-гештальттерапияның негізгі қалаушы. Гештальттерапияның кілттік түсінігі: «гештальт», «фон-фигура» және т.б.

Экзистенциальды психология. Экзистенциальды психологияның кілттік түсінігі: сана және өзіндік сана, жауапкершілік және бостандық, ойды іздеу, өлімнің шынайлығын мойындау.

Тұлғаның бихевиоральды бағытталу теориясы.

Б. Скиннердің бихевиоризмі, басқару әрекетіндегі мақсат, психология пәнінің жүйесі негізінде, сонымен қатар бақылау-психологиялық талдаудың басты әдісі.

Тұлға теориясындағы әлеуметтік-когнитивтік бағыттар: А. Бандура и Д. Роттер.

Әлеуметтік-когнитивтік теорияның негізгі принциптері. Модельдеу арқылы меңгеру. Бақылау арқылы меңгеруге бекітілу. Д. Роттердің әлеуметтік меңгерудің негізгі концепциясы мен принциптер теориясы.

Тұлғаның когнитивтік бағдарлану теориясы.

Дж. Келлидің конструкт теориясы.

Жеке таным-мінез-құлықтың негізі. Тұлғаның конструкт теориясы. Рациональды-эмотивті теориясы. А. Эллис-РЭТ-тің негізін қалаушы. А. Берк, Д. Майхенбаум қазіргі когнитивті-бихевиоральды ықпалдың ерекше танымал өкілдері. РЭТ-тің негізгі түсініктері: иррационалды сенімдер, «жасау қажет» және «міндетті».

Тұлғадағы биологиялық пен әлеуметтіктің өзара байланысы туралы ұғым.

Тұлғаның дамуына биологиялық факторлардың әсері жайлы мәселесіне қатысты кеңестік психологияда В. П. Алексеев ұсынған шашыратушы сұрыпталу идеясына жақын ойларды айтады. Сұрыпталу эволюция барысында туындаған вариацияны, акцентуацияны жоққа шығармайды, алайда оларды қолдайды және басқа түрлерге қарағанда адамның үлкен адаптивті қабілеттерін жасайды.

Кенес психологиясында тұлға туралы түсінікке зерттеулер.

XX ғасырдың 60-жылдары жеке бастық көптеген сапаларды құрылымдау сұрағы туындады және тұлғаның жалпы құрылымын табу талпыныстары жасалды. Бұл тұрғыдан К. К. Платоновтың ықпалы соған сәйкес болды, Бұл тұрғыда А. Н. Леонтьевтің идеясы аса қатты қызығулар туғызады.

Тұлғаның дамуы және қалыптасуы.

Тұлғаның дамуы мәселе ретінде теориялық позицияны ашады, оны зерттеудің негізгі принциптерін көрсетеді, табады. Даму мәселесіне әртүрлі көзқарастар бар.

Даму процесін қарама-қарсы сипатта қарастыратын социогенетикалық бағыт дамуды негізіне элеуметтік ортаны алады, баланы сәйкес үлгілермен қалыптастырады, анықтайды. Ол туғанына икемді, қалыптасуға бейім болады.

Тұлғаның құрылымы. Индивид.

Психодианалық теория өкілдері З.Фрейд, К.Г.Юнг тұлға құрылымын белсенді үнемі бір-бірімен өзара әрекетте болатын психиканың саналы және бейсаналық компоненттерінің динамикалық арақатынасы К.Г.Юнгта тұлға құрылымында психикалық әрекеттің үш деңгейі көрсетілді: сана, тұлғалық бейсаналық және ұжымдық бейсаналық Тұтас құрылым ретінде тұлғаны талдаудың тәуелсіз ықпалын орыс психологы А.Р.Лазурский жасады, Б.Г.Ананьев психикалық құрылымдарды суреттегенде кең категория таным субъектісі «адам» деген категорияны пайдаланды, оған психологияның жеке ұғымдарын кіргізді: «индивид, индивидуалдылық, іс-әрекет субъектісі, тұлға».

«Индивид», «тұлға», «индивидуалдылық» ұғымдарының арақатынастары.

В.Франкльдың идеясы бойынша адам тұлғасы ол күрделі көп өлшемді феномен, жеке аспектілері биология, социология, психология сияқты ғылыми пәндердің проекциясы ретінде беріледі, алайда тұлғаның уникалды тұтастығы осы проекциялардың ешқайсысына апарылмайды.

Мотивациялық сферасы және сатылары.

Бағыттылыққа тән динамикалық жағдайды өзгерткенде оның мақсаты да өзгереді, оның мотивтері процессуалды сипатта көрінеді. Сатылы модельді В.И.Ковалев ұсынды. Онда мотивті қажеттіліктерді стимулдармен трансформациялайды және байытады деп қарастырады. Егер стимул мотивке айналмаса онда ол «түсінілмеген» немесе «қабылданбаған» болып саналады.

Тұлғаның бағыттылығы және құрылымы.

Тұлғаның бағыттылығы дамыған бір немесе бірнеше қызығулар арқылы анықталады. Е.П.Ильин бағыттылықтың құрылымы қарапайым және күрделі болады дейді. Алайда бағыттылықтың құрылымындағы басты нәрсе ол онда қандайда бір қажеттіліктің, қызығудың орнықты доминантты болуы соның әсерінен адам «өзіне қажетті әсерленуді қоздыратын тәсілдерді табанды іздейді» (Б.И.Додонов).

Динамикалық тенденциялар туралы ғылыми теориялар.

Ішкі бағдарлану мәселесімен Д.Н.Узнадзе айналысты. Көптеген эксперименттер өткізді, ішкі бағдарланудың бір қатар заңдылықтарын, концентрациясын, иррадиациясын, ауысуын анықтады. Д.Н.Узнадзе психологияны осы ішкі бағдарлану тұрғысынан қарастырады.

Тұлға қажеттіліктерінің туындауы.

Адамның қажеттіліктері жайлы мәселе көптеген қоғамдық ғылымдарда: тарихта социологияда, экономикада, жалпы биологияда, генетикада,

физиологияда және басқаларда қаралады. Психологияда қажеттіліктер проблемасы ХХ ғасырдың бірінші жартысында қара бастады. 1921 жылы шыққан Л.Брентаноның жұмысыарынан басталады. Ол қажеттілікті индивид жойғысы келетін негативті сезім ретінде қарастырды.

Қажеттіліктердің индивидуалды ерекшеліктері

Адамдардың қажеттіліктері былай ажыратылады: мазмұнды немесе модалдылығы (қажеттілік пәні); күші (сол қажеттіліктің адам үшін мәнділігі, қажетті болғандықтан оның күштену дәрежесі); шамасы (қажеттілікті қанағаттандыру үшін жұмсалатын физикалық және рухани потенциал саны).

Идеалдар. Идеал адамның өзі үшін қажет, үлгі ретінде жасалған ең жақсы тенденциялар, оның дамуының стимулы мен реттеушісі болып табылады.

Тұлға дамуы және өзіндік санасы.

Психология ғылымы тұлғаның психикалық өміріне танымдық өту жолын жасайды. Психофизиологиялық функциялар көпқырлы психикалық процестерге қосылады. Аналитикалық зерттеуге түскен психикалық процестер нақты іс-әрекеттің бір негізгі кезеңі болып табылады, сол іс-әрекетте олар қалыптасады, көрінеді, соған сәйкес психикалық процестерді зерттеу, іс-әрекетті зерттеуге ауысты, себебі, сонда ғана іс-әрекетте оның жүзеге асырылуы түсініледі.

Тұлғаны зерттеудегі негізгі теориялар қырлары.

Тұлғаның психологиялық теорияларында тұлғаның табиғатын түсіндіретін өзара бір-бірін толықтыратын екі ықпал бар. Біріншісінде тұлға субъектінің мінез-құлық ерекшеліктері мен интрапсихикалық қасиеттердің автономды жүйесі, уникалды деп анықтайды, ол жүйеге мінезі, қабілеттері, түсініктері, құндылыққа бағдарлануы, Мен концепциялары кіреді.

Шетел психологиясында тұлға туралы түсінік және зерттеу теориялары.

Көптеген теориялар психологиялық оқулықтарда берілмейді, американдық тұлға теориялар басқа елдердің теорияларын мойындай бермейді, тек тұлға теориясын жасаушы ФРЕЙД, Юнг, Адлер болмаса, әрі көптеген теориялар өз «ұясында» қала береді, жаңа теориялар келе береді.

Классикалық психоанализ. Аналитикалық теория.

Тұлғаның құрылымы. Тұлға үш негізгі жүйелерден тұрады: ид, эго және суперэго («ол», «мен», «жоғары Мен»). Әрқайсылары өз функцияларына, қасиеттеріне, компоненттеріне, әрекет принциптеріне, динамикаларына, механизмдеріне ие болса да олар бір-бірімен өте тығыз байланыста болады.

Тұлғаның дамуы. Тұлға зорығудың төрт қайнар көзінің негізінде дамиды: физиологиялық өсу процестері, фрустрациялар, конфликтілер, қауіп. Идентификация мен араласу екі әдісі арқылы индивид фрустрацияларды, конфликтілерді, мазасыздануларды шешуді үйренеді.

Аналитикалық теория және зерттеу әдістері.

Жас цюрих психиатры Карл Юнг (1875-1961) алғашында Фрейд теориясының әсеріне қатты берілді. Юнгтің теориясы психоаналитикалық деп саналса ол Фрейдтің теориясынан өзіндік ерекшелігі бар. Юнгтің

теориясында адамға деген көзқараста каузалдылық (индивидуалдылық және нәсілдік тарих) пен телеология (мақсат пен ұмтылулар) үндескен.

Даму сатылары. Фрейдтен айырмашылығы сол Юнг даму сатыларын туғаннан бастап есейгенге дейінгі кезеңдерді жазбайды. Ерте жаста либидо белсенділік тірі қалу үшін соған инвестицияланады.

Жас адам энергияны, импульсивті, ынтыққыш әлі де болса басқалардан тәуелді болады. Отыз жасқа таман қырық жасқа таяу кезде құндылықтар жүйесі ауысады.

Зерттеу әдістері. Комплекстерді эксперименттік зерттеу. Юнг сөздік ассоциациялар әдісі мен эмоциялардың физиологиялық өлшеуді үйлестіруге ұмтылды. Бұл әдістер пациенттердің комплекстерін табуға арналды. Стимулды сөзге жауап берудің созылуы тыныс алу мен тері кедергісінің өзгерістері бойынша сөз комплекстерді қозғады деп санады.

Тұлғаның әлеуметтік психологиялық теориялары.

А.Альфредтің «жаңа әлеуметтік психологиялық көзқарас» концепциясында адамға деген биофизикалық ықпалдан басқа интеллектуалды тенденциялар қалыптасуы.

Адлер психологтардың ойына әлеуметтік өзгерткіштер дегенді салып, әлеуметтік психологияның дамуына негіз салды. Эрих Фромм еңбектеріндегі негізгі тақырып адамдағы жалғыздық пен адамдардан бөлектену жағдайы болды. Фромм өз теориясын емдеу барысында адамдарды бақылау арқылы, тарих экономика, социология, философия, әдебиет жайлы адамдардың білімдерін бақылап, эмприкалық зерттеулер арқылы жасады.

Тұлға құрылымы және теориялар келешегі.

Психоаналитикалық тұлға теориясының негізін З.Фрейд салды, оны көптеген шәкірттері мен ізбасарлары ары қарай дамытты, олар А.Адлер, К.Юнг, Э.Фромм, К.Хорни, Г.Салливен, алайда олардың көзқарастары мен З.Фрейдтің көзқарастары біршама айырмашылықтары болды.

Тұлғалық психологиялық рөлдер теориясының көп түрі бар. Олардың ішіндегі ең танымалы американдық психолог Э.Берн жасаған транст теориясы. Оның концепциясы бойынша адам өзіне басқалардың мінез-құлқын өзіне алады, келесі әлеуметтік рөлдерді ойнайды: баланың рөлі, ата-ананың рөлі, ересек адамның рөлі.

Тұлға феноменін өзіндік бағалауын зерттеу.

Өзіндік бағалау тұлға дамуында орталық орынды алады, ол әлеуметтік адаптацияға, дезадаптацияға байланысты, тұлғаның мінез-құлқы мен іс-әрекеті.

Тұлға теориялары туралы психологиялық тарихи сипаттама.

Тарихта тұлға теориялары басқаша ойлау (инакомыслие) деп саналды, клиникалық зерттеулер теория мен практиканы үйлестірді. Тұлға теориялары барлығы практикамен тығыз байланыты дамыды. Психологиядағы көптеген құбылыстарды ашты, бірақ оларды кейде қоғам қабылдамады, психологтардың өздері күмәнденді, «тұқым қуалаушылықпен» алады деген ұнамады.

Тұлғаның дифференциальды психологиясы

Тұлғаның деференциальды психологиясы пәні, мақсаты және жалпы сипаттама.

Деференциальды психология пәні және әдістері. Жеке адами мәселе. Деференциалды психология және психофизиология пәні-адам мен жануардың жеке айырмашылықтарын қарастырады.

И.П.Павловтың концепциясындағы нерв жүйесінің типологиялық құрылымы.

Нерв жүйесінің типологиялық құрылымы, жеке тұлғалық нейрофизиологиялық сипаттаманың негізі ретінде. Нерв жүйесінің құрылымы. Қарама қарсылықтың бірлігі мен күрес заңы ретінде, нерв жүйесінің құрлымдық түсінігі.

Б.М. Тепловтың нерв жүйесінің қасиеттері жайлы түсінігі.

Б.М. Теплов дифференциалды психофизиологияның негізін қалаушы.

В.Д. Небылицин нерв жүйесінің жаңа қасиетті жайлы негізі түсінігі.

Нерв жүйке жүйесінің жалпы және жеке қасиеттері. В.Д. Небылицин нерв жүйесінің жаңа қасиетті жайлы негізі түсінігіне қосқан үлесі. В.Д. Небылицин бойынша бас ми қабатының функционалды бөлінуі.

Бас ми қабатының парцианалды және функционалды бөліну мәселелері.

Нерв жүйке жүйесінің жалпы және жеке қасиеттері. Парциалды түсінігі. Бас ми қабатының функционалды бөлінуі. Нерв жүйе әрекетін ұйымдастыру деңгейінің мәселесі.

Қазіргі және тарихи темперамент теориясы.

Темперамент жайлы түсінік және теориялары. Темперамент құрылымының сипаттамасы: жалпы белсенділік, маторика, эмоционалдылық. Темперамент және нерв жүйесінің қасиеттері.

Қазіргі және тарихи мінез-құлық теориясы. Құрылымы. Типологиясы.

Мінез-құлық құрылымы. Тұлғаның моральдық-ерік-жігер қасиетеріне, сендіре білу икемділігіне бағыттылығы. Мінез-құлықты қалыптастыру процессі. «Мінез» және «жекелік» түсініктердің өзарақатынасы.

Қабілеттің теориялары. Тұлға құрылымындағы қабілеттіліктің орны. Жалпы және арнайы қабілеттер.

Қабілет түсінігі. Жалпы және арнайы қабілеттердің классификациясы. Нерв жүйе қасиеттерінің жалпы және арнайы типологиялық комбинациялау түсінігі ретінде. Дарындылық, данышпандылық, талант. Әректің қызық және сәтті орындалуына қабілеттер мен икемділіктің арақатынасының әсер етуі. Нерв жүйесі және қабілеттің даму қасиеттері.

Жалпы және жеке адам конституциясы. Дене құрлымы типтерінің жіктемелері. Адам конституциясы жайлы қазіргі көзқарастар.

Адам конституциясы жайлы көзқарастар. Жалпы және жеке адам конституциясы. Тұқымқұалаушылық және құрылым. Дене құрылымы.

Даму психологиясы

Даму психологиясының пәні. Даму психологиясының негізгі категориялары: "даму", "жас", "жас кезені". Адам дамуының аумақтары (физикалық, когнитивті, психоэлеуметтік). Даму процесі (жетілу, үйрену, элеуметтену).

Даму психологиясының зерттеу әдістері

Даму психологиясындағы бақылау және эксперимент әдістерінің ерекшеліктері. Бақылау әдісі, оның түрлері, оған қойылатын талаптар. Жас ерекшелік психологиясындағы эксперимент, оның түрлері. Даму психологиясындағы эксперимент әдісін қолданудың ерекшеліктері. Балалар психологиясындағы табиғи және лабораторлық эксперимент.

Айқындаушы және қалыптастырушы эксперименттік зерттеу стратегиясы. Айқындаушы эксперименттің негізгі түрлері: "ұзыннан бойлай" және "көлденең" кесінділер. Қалыптастырушы эксперимент "кесінділер әдісіне" балама ретінде. Іс-әрекет өнімін талдау әдісі. "Егіздер" әдісі, оның мәні.

Онтогенездегі психикалық даму және тұлғаның қалыптасу заңдылықтары мен динамикасы

Психикалық дамудың қайнар көздері мен қозғаушы күштері. Дамудың табиғи алғышарттары. Баланың психикалық даму заңдылықтары. Психикалық дамудағы оқу мен тәрбиенің жетекші ролі. Дамудың элеуметтік жағдаяты, жетекші іс-әрекет және сензитивного кезең ұғымдары.

Даму психологиясы дамуындағы негізгі бағыттар.

Балалар психологиясы дамуындағы биогенетикалық және социогенетикалық бағыттар.. Генетикалық теориялар, конвергенция теориясы және т.б. Балалық шақтағы психиканың және тұлғаның даму теориялары (З. Фрейд, А. Валлон, В. Штерн, Ж. Пиаже, Л. С. Выготский, Д. Б. Эльконин, В. С. Мухина және т. б.). Э. Эриксонның психоэлеуметтік теориясы. Үйрену теориясы (Дж. Уотсон, Э. Торндайк, Б. Скиннер, А. Бандура).

Гуманистік теорияларындағы кемелдік психологиясының психикалық дамудың мәселелерін құрастырудағы ролі (А. Маслоу, К. Роджерс). Л. С. Выготскийдің жоғары психикалық функциялардың даму теориясы.

Жас ерекшелік психологиясы бойынша қазақстандық ғалымдардың зерттеулері.

Адамның психикалық даму кезендері.

Жас кезендеріне бөлу туралы түсінік. Кезеңдерге бөлудің әр түрлі тәсілдері мен критерийлері (Л. С. Выготский, Д. Б. Эльконин, А. Н. Леонтьев, Л. И. Божович, Д. И. Фельдштейн және басқалар).

Сәбилің психикалық даму ерекшеліктері.

Нәрестелік кезеңнің жалпы сипаттамасы. Туа біткен рефлексдер. Шартты рефлексдердің қалыптасуы. "Жандану кешені" ерте сәбилік шақтың негізгі жаңақұрылымы ретінде. Рецепторлар, қозғалыстар және эмоциялардың дамуы.

Сәбилік және ерте жастағы баланың ересектермен қарым-қатынасының, әр түрлі әсерлердің психикалық дамуындағы мәні. Депривация ұғымы. Ортамен өзара қарым-қатынас сипаты, баланың қоршаған дүниені игеруде өз іс-әрекеті мен белсенділігінің мәні. Көрнекі-әрекеттік ойлау. Баланың автономдық сөйлеуі.

Ерте балалық шақтағы психикалық даму.

Ерте балалық шақтағы дамудың әлеуметтік жағдаяты және жетекші іс-әрекет түрі. Заттық іс-әрекет дамуының негізгі заңдылықтары және сатылары. Ерте балалық шақ сензитивті кезең ретінде. Мінез-құлықтағы жекедара және жыныстық айырмашылықтар. Үш жастағы дағдарыс.

Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық ерекшеліктері.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың дамуының негізгі желісі және факторлары. Жетекші іс-әрекет түрі. Дамудың әлеуметтік жағдаяты. Мектепке дейінгі жастағы психологиялық жаңақұрылымдар.

Баланың жаңа іс-әрекетке қосылуы (гигиена, тұрмыс-тіршілігі, оқу және еңбек элементтері). Бала дамуындағы ойындардың рөлі. Ойын теориялары (В. Штерн, А. Адлер, Д. Б. Эльконин). Ойындардың басқа іс-әрекет түрлерінен айырмашылықтары. Ойын іс-әрекетіндегі баланың психикасындағы сапалық өзгерістер: әлеуметтену негіздері, ұжымдық қарым-қатынас, таным процестерінің дамуы (түйсік және қабылдау, зейін, есте сақтау, сөйлеу және ойлау). Мектепке дейінгі жастағы іс-әрекет пен қарым-қатынас түрлерінің даму ерекшеліктері (М. И. Лисина, т. б.).

Мектепке дейінгі жастағы тұлғалық жаңақұрылымдар. Еріктің дамуы. Эмоционалдық дамуы. Мінез бен қабілеттердің қалыптасуы. Мектепке дейінгі жастағы өзін-өзі бағалау мен өзіндік сана-сезімінің дамуы. Ересек жастағы мектепке дейінгі баланың үстем болатын іс-әрекет және мінез-құлық түрткілері. Мінез-құлықтағы жекедара және жыныстық айырмашылықтар. Мектеп жасына дейінгі балалардың мектепте оқуға дайындығы.

Бастауыш мектеп жасындағы психикалық даму ерекшеліктері.

Бастауыш мектеп оқушысы дамуының әлеуметтік жағдаяты және жетекші іс-әрекет түрі. Мектептегі оқу басталғаннан кейін балалардың санасы мен мінез-құлқындағы психологиялық қайта құрулар. Бастауыш мектептегі оқудың әр түрлі кезеңдерінде ойын және оқу іс-әрекеті арақатынасының динамикасы. Қызығушылықтар жүйесінің өзгеруі. Оқу-танымдық мотивтері. Мектептегі оқуға оң қатынасының қалыптасуы. Оқу процесінде психикалық процестер мен қасиеттер дамуының өзара байланысы: зейін мен зейінділік, қабылдау және қабылдағыштық және т. б., және ерте көрінісі қабілеттерін дамыту. Есте сақтау қабілетін дамыту мен қалыптастыру тәсілдері мен ақыл-ой іс-әрекетін (П.Я. Гальпериннің ақыл-ой әрекеттерін сатылап қалыптастыру теориясы). Бастауыш мектеп жасындағы баланың психологиясы.

Бастауыш мектеп жасындағы баланың тұлғалық дамуы. Қажеттіліктік-мотивациялық және эмоциялық-еріктік аумағының қалыптасу сипаты. Қарым-қатынас аумағының дамуы. Сынып ұжымындағы тұлғааралық қарым-қатынастардың қалыптасуы. Бастауыш мектеп жасындағы қарым-қатынас

мәселелері мен ерекшеліктері. "Мұғалім - оқушы - ата-ана" өзара қарым-қатынастар жүйесі. Бастауыш мектеп жасындағы адамгершіліктік даму.

Жеткіншек жастың психологиялық ерекшеліктері.

Жеткіншек жастағы ағзаның анатомио-физиологиялық қайта құрулары. Жыныстық жетілу және жыныстық тәрбиенің әлеуметтік-психологиялық мәселелерінің басталуы. "Ересектену сезімі" ұғымы. Отандық және шетелдік психологиядағы жеткіншек жастағы "дағдарыс" мәселесі.

Жеткіншек жастағы дамудың әлеуметтік жағдаяты және жетекші іс-әрекет түрі.

Жеткіншек жастағы танымдық процестер мен жеке тұлғаның дамуы. Осы жас кезеңіндегі қабылдау, қиял, зейіннің даму ерекшеліктері. Ес процесінің басқа психикалық процестермен байланысты қайта құрылуы. Ес және ойлаудың өзара байланысы. Жеткіншектің сөйлеуінің даму ерекшеліктері.

Жасөспірімнің жастағы психологиялық жаңа құрылымдар. Орталық ісігі. Есею бағытындағы даму. Ересектер мен жасөспірімдер арасындағы өзара түсіністіктегі қиындықтар. Құрдастарымен қарым-қатынастың қалыптасуы. Жеткіншек жастағы әр түрлі топтар мен бірлестіктер.

Ерте жасөспірімдік шақ психологиясы.

Жоғары мектеп жасының (ерте жасөспірімдік шақ) әлеуметтік-психологиялық сипаттамасы. Жоғары мектеп жасындағы дамудың әлеуметтік жағдаяты және жетекші іс-әрекет түрі. Жасөспірімдердің өмірлік жоспарлары мен кәсіби мүдделерінің қалыптасуы. Таңдау мақсаттары. Қарым-қатынас объектісін таңдау. Ата-аналар және мұғалімдермен қарым-қатынас ерекшеліктері. Интимді-тұлғалық қарым-қатынас.

Жасөспірімдік кезеңдегі психикалық процестердің жетілуі. Интеллект қалыптастыру үшін жоғары талаптар. Жасөспірімдер жастағы сананың негізгі даму бағыттары. Жетекші іс-әрекет түрлерінің ауысуы. Өзіндік сана, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі басқару. Ойлау, сөйлеу, қиял дамуының ерекшеліктері. Өтпелі кезеңдегі жоғары психикалық функциялардың дамуы (Л. С. Выготский). Ғылыми дүниетанымның даму жолдары (Д. Б. Эльконин).

Жасөспірімдік шақтағы тұлғаның дамуы және қалыптасуы.

Дүниетанымның қалыптасуы. Моральдық өзін-өзі анықтау. Кәсіби ниеттерді жүзеге асыруға даярлық. Алғашқы дербес қадамдар. Жасөспірімдік шақтағы өмірлік өзін-өзі анықтау. Жетекші іс-әрекет түрі. Жасөспірімдік максимализм. Пайымдаулардың тәуелсіздігі. Жасөспірімдік шақтағы маңызды әлеуметтік қасиеттердің дамуы.

Жасөспірімдік шақтағы психикалық процестер мен тұлғалық қасиеттердің дамуы. Жасөспірімдік шақтағы психика дамуының объективті және субъективті мүмкіндіктері.

Кемелдік жас психологиясы.

Кемелдікке көшудің ортақ шарттары. Кемелдік жастағы тұлға дамуының әлеуметтік жағдаяты. Ересек адамның жекедара дамуын айрықша кезеңдерге бөлу мәселелері. Аталмыш жастағы дағдарыс сипаттамасы.

Ересек адамның психологиялық ерекшеліктері. Өтпелі жаста рефлексия дамуының ерекшеліктері: психологиялық кеңістікте көптеп бөтен адамдар пайда болуынан жақын адамдарды бағалаудың өзгеруі; өсіп келе жатқан ұрпаққа, балаларға қатысты саналы "дұрыс өмір сүру" тұжырымдамасын жүзеге асырудың қажеттілігі; өзгермелі денесімен және оның қасиеттерімен өзіндік қатынастарын жолға қою қажеттілігі; өткен өмір жолын оның ықтимал жартысы ретінде бағалау қажеттілігі, психологиялық және физикалық жасты бастан кешірудегі ықтимал сәйкес келмеушілік.

Қартаю және қарттық кезеңі.

Геронтопсихология және оның міндеттері. Қарттық кезеңдегі физиологиялық және психологиялық ерекшеліктер. Қарттық шақтағы функционалдық мүмкіндіктер. Интеллектуалдық және эмоционалдық аумақтардағы өзгерістер. Егде және ұлғайған жаста белсенді, толыққанды өмір сүру үшін жағдай жасау мәселелері. Кәрілік жастағы өмірді және саналау мәселесі. Кәрілік шақ шығармашылық белсенділіктің арту кезеңі ретінде. Адамның кәріліктің келуіне психологиялық дайындығы.

Әлеуметтік психология

Әлеуметтік психологияның пәні, оның адам және қоғам туралы ғылымдар жүйесіндегі алатын орны.

Жалпы психология және әлеуметтану - әлеуметтік психологияның негізі. Қазіргі психологиялық және әлеуметтану ғылымдарындағы әлеуметтік психологияның пәні туралы біртекті түсініктердің болмауы. Әлеуметтік психологияның пәні туралы түсініктердің эволюциясы. Әлеуметтік психологияның гуманитарлық білімдер жүйесіндегі орны мен өзге де психологиялық пәндермен өзара байланысы. Адам және қоғамның қазіргі мәселелерін шешудегі әлеуметтік психологияның мәні мен рөлі.

Әлеуметтік-психологиялық идеялардың қалыптасу тарихы

Әлеуметтік психологияның дербес ғылым ретінде қалыптасуының алғы шарттары. Алғашқы әлеуметтік-психологиялық теориялар («Халықтар психологиясы» М.Лацарус, Г.Штейнталь, В.Вундт; «Көпшілік психологиясы» Г.Тард; В.Макдугаллдың «Әлеуметтік жүріс-тұрыс инстинкт» теориясы). Әлеуметтік психология тарихының кезеңдері (Г.М.Андреева және Е.С.Кузьмин бойынша). Қазіргі американдық, европалық әлеуметтік психологияның жалпы сипаттамасы.

Кеңестік әлеуметтік психологияның даму тарихы. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-психологиялық идеялардың дамуы мен әлеуметтік психология аймағындағы теориялық және колданбалы зерттеулердің өңделуі мен жүргізілуі.

Қазіргі әлеуметтік психологияның негізгі теориялық бағыттары

Қазіргі әлеуметтік психологиядағы жаңа бихевиоризм. Әлеуметтік-психологиялық зерттеулер контекстіндегі үйрену теориясының негізгі ұғымдары. Әлеуметтік-психологиялық феномендердің психоаналитикалық талдауы.

Әлеуметтік психологиядағы қазіргі психоаналитикалық тұжырымдамалар және З.Фрейд позициясы. Әлеуметтік психологиядағы интеракционизм.

Дж.Мидтің тұжырымдамасы. Интеракционистік бағдардың теориялық негіздері. Рольдік теориялар. Шиеленістердің ішкі рөлдік және аралық рөлдік мәселелері. Референтті топ теориясы (Г.Хайманн, М.Шериф, Р.Мертон т.б.).

Когнитивизм – қазіргі әлеуметтік психологияның басым бағдары ретінде. Зерттеудің бастапқы принциптері мен мәселелері. Когнитивтік сәйкестілік теориясының жалпы сипаттамасы. Когнитивті диссонанс, коммуникативті акт, құрылымдық баланс теориясы.

Әлеуметтік-психологиялық құбылыстардың табиғатын жүйелі-іс-әрекеттік түсіндіру. А.Н.Леонтьевтің іс-әрекет теориясы және оны әлеуметтік психологияда пайдалану мүмкіндігі. Бірлескен іс-әрекет тұжырымдамасы және А.С.Макаренко, А.В.Петровский, Л.И.Уманский, А.И.Донцовтың ұжым теориялары.

Әлеуметтік-психологиялық зерттеу әдістері мен әдіснамасы

Ғылыми зерттеу әдіснамасы түсінігі. Әлеуметтік-психологиялық зерттеудің теориясы мен эмпирикасы. Мәліметтердің сенімділігі мен негізділігі мәселесі. Репрезентативтілік мәселесі. Таңдау түрлері. Әлеуметтік-психологиялық зерттеу бағдарламасы.

Әлеуметтік-психологиялық зерттеудегі сұрақтама, бақылау, құжаттарды талдау әдістерінің жалпы сипаттамасы. Әлеуметтік психологиядағы эксперименттің негізгі типтері мен ерекшеліктері.

Әлеуметтік-психологиялық әсер етудің белсенді әдістері: мазмұны, типтері, мүмкіндіктері мен шектеулері. Әлеуметтік-психологиялық тренинг және оның түрлері. Топтық пікірталас. Ойын әдісі және оның модификациялары. Әлеуметтік-психологиялық кеңес берудің спецификасы. Әлеуметтік-психологиялық диагностика және әсер ету психотехникасы.

Тұлғаның әлеуметтік психологиясы

Тұлға - әлеуметтік-психологиялық зерттеудің пәні ретінде.

Тұлға мен қоғамның өзара байланысы әлеуметтік психологияның түйінді мәселелерінің бірі ретінде. Тұлғаны түсінудің әлеуметтік-психологиялық бағытының ерекшелігі, оның жалпы психология мен әлеуметтанудағы жеке адамды түсінуден айырмашылығы. Әлеуметтік психологиядағы тұлғаны зерттеудің дәстүрлері мен қазіргі жағдайы.

Әлеуметтанудың әлеуметтік-психологиялық аспектілері

Әлеуметтену түсінігі. Әлеуметтену механизмдері мен институттарының жалпы сипаттамасы. Тұлғаның әлеуметтену процесіндегі ерекшеліктері. Әлеуметтенудің негізгі кезеңдері. Әлеуметтену заңдылықтарын Э.Берн және К.Стейнердің транзактілі талдауы бойынша түсіну. Тұлғаның даму моделі мен Э.Эриксон тұжырымдамасындағы бірдейлік түсінігі.

Адамзаттың әлеуметтену түсінігі. Жасөспірімдік дағдарыс түсінігі. Ересек жастағы әлеуметтану сфералары мен динамикасы. Егде адамдарды зейнеткер атағына әлеуметтік-психологиялық бейімдеу. Қартаюу процесінің әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері. Әлеуметтенудің түрлі

кезеңдеріндегі тұлғаны психодиагностикалау мен түзету әдістерінің жалпы сипаттамасы.

Қазақстанның этномәдени ортасы мен әлеуметтік өзгерістері жағдайындағы (саяси, діни, жыныстық, этностық) тұлғаның әлеуметтенуі мәселелері. Тұлғаның әлеуметтену мәселесінің теориялық және қолданбалы аспектілерінің Қазақстан ғалымдарының еңбектерінде өңделуі – психолог, социолог, философ, саясаттанушы т.б.

Тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқын реттеудің психологиялық механизмдері

Қажеттіліктер, мотивтер, қызығулар, құндылықтар, ережелер, әлеуметтік бағдарлар және олардың тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқын психикалық реттеудегі ролі. Әлеуметтік бағдар түсінігі. Әлеуметтік бағдар зерттеулері үшін Д.Н.Узнадзе мектебіндегі зерттеулердің мәні. Әлеуметтік бағдарларды (аттитюдтерді) зерттеу әдістері. Әлеуметтік бағдар құрылымы. Тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқын реттеудегі әлеуметтік бағдардың қызметтері. Әлеуметтік бағдар мен реалды мінез-құлқын арақатынасы (Лапьер феномені). Тұлға диспозициясының иерархиялық құрылымы туралы В.А.Ядов тұжырымдамасы. А.Н.Леонтьев іс-әрекетті мотивациялық-мағыналық реттеу туралы. Әлеуметтік бағдар, қажеттілік, мотив, тұлғалық мағынасы түсініктерінің арақатынасы.

Қарым-қатынастың әлеуметтік психологиясы

Қарым-қатынас - әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде

Қарым-қатынас құрылымы, мазмұны, формалары мен механизмдері. Қарым-қатынастың негізгі жақтары: коммуникативті, интерактивті, перцептивті; олардың бірлескен іс-әрекет сипаты мен қарым-қатынастағы серіктеспен қатынас сипатымен байланысы (Г.М.Андреева, Е.С.Кузьмин).

Қарым-қатынас қиындықтары мен кедергілері. Деструктивті қарым-қатынас түсінігі. Табысты қарым-қатынас факторлары.

Тұлғааралық қарым-қатынасты зерттеулердің жаңа бағыты (В.Н.Куницына).

Қарым-қатынастың коммуникативті жағы: вербальды қарым-қатынас

Адамдар арасындағы қарым-қатынас процесінің ерекшелігі: ақпараттардың «қозғалысы» кезіндегі дамуы мен толығыуы; қарым-қатынас кезіндегі серіктестердің белсенділігі; ақпараттардың мағыналық талдануы және коммуникация түрлері.

Сөйлеу құрылымы. Тілдік хабараларды түсінудің әлеуметтік-психологиялық заңдылықтары. Тезаурус түсінігі. Қарым-қатынастық кедергі типтері. Жеке адам мен қоғамның өзіндік санасы мен тілдік сана мәселесі.

Мәтін - әлеуметтік-психологиялық зерттеулердің пәні ретінде: құрастыру заңдылықтары, қабылдау механизмдері, талдау тәсілдері.

Тілдік стереотиптер мен тілдік этикет. Байланыс орнату, қолдау және шығудың тілдік ережелері.

Вербальды емес қарым-қатынас

Вербальды емес қарым-қатынас түсінігі. Вербальды емес жүріс-тұрыстың негізгі құрылымының (түрлері) жалпы сипаттамасы. Кинесика және оның компоненттері (ым, ишара, поза, жүріс, көз контактісі, авербальды әрекеттер) – қарым-қатынас процесінің факторлары ретінде. Қарым-қатынастың кеңістікті-уақыттық ұйымдастырылуы. Жеке адам аралық қарым-қатынастағы вербальды емес жүріс-тұрыстың полиқызметтілігі.

Адамның экспрессивті репертураы түсінігі. Вербальды емес қарым-қатынас өзара әрекеттестік пен топаралық қарым-қатынастың ерекшелігінің көрсеткіші ретінде.

Қарым-қатынастың перцептивті жағы: тұлғааралық қабылдау және өзара түсіністік

Әлеуметтік психологиядағы перцептивті процестерді талдау ерекшеліктері. Қарым-қатынас процесіндегі тұлғааралық қабылдау мен өзара түсіністіктің ролі. Субъекті қасиеттері, қабылдау объектісі, сипаты және тұлғааралық өзара байланыстар – перцептивті процесс факторлары ретінде. Қабылдау механизмдері мен эффектілері. Стереотиптілік құбылысының мазмұны мен мәні. Әлеуметтік стереотип түсінігі және оның түрлері мен қызметі. «Себепті жапсыру» құбылысы. Тұлғааралық қабылдаудың дәлдігі мәселесі. Өзге адамды тану мен қарым-қатынас процесіне «алғашқы әсердің» ықпалы.

Өзара түсіністіктің құрылымы мен механизмдері. Рефлексия түсінігі. Эмпатия құбылысы. Тұлғааралық идентификацияны әлеуметтік-психологиялық зерттеу.

Қарым-қатынастың интерактивті жағы: тұлғааралық өзара әрекеттестік

Тұлғааралық өзара әрекеттестік (интеракция) әлеуметтік-психологиялық зерттеу пәні ретінде. «Диадалық өзара әрекеттестік» теориясы.

Тұлғааралық өзара әрекеттестіктің айырмашылық белгілері қарым-қатынас формалары ретінде.

Бәсекелестік пен бірлестік өзара әрекеттестіктің түрлері ретінде. Бірлескен іс-әрекет құрылымындағы өзара әрекеттестік. Жалпы мақсат топаралық өзара әрекеттестік факторы ретінде.

Өзара әрекеттестікті зерттеудегі теориялық ойындық үлгілерінің мүмкіндіктері мен шектеулері. Өзара әрекеттестікті зерттеудің аппараттық әдістері.

Жеке адам аралық кикілжің және оны шешудің тәсілдері

Тұлғааралық кикілжің түсінігі. Тұлғааралық кикілжіңдердің мотивациялық және когнитивті тұжырымдамаларының жалпы сипаттамасы. Кикілжіңді жүріс-тұрыс және объективті кикілжіңді ситуация. Тұлғааралық кикілжіңнің құрылымы мен динамикасы. Кикілжіңді өзара әрекеттестіктің шығуы мен стратегиялары. Тұлғааралық кикілжіңнің конструктивті және деструктивті қызметтері. Кикілжіңнің пайда болуы, өтуі және шешілуіндегі «үшінші адам» ролі.

Тұлғааралық кикілжіндерді шешу мен реттеудің тәсілдері. Келіссөз кикілжінді шешу тәсілі ретінде. Келіссөздерді жүргізу мен даярлау «технологиясы». Келіссөз жүргізудің негізгі әдістері. Келіссөз процесіндегі делдалдық.

Шағын топтың әлеуметтік психологиясы

Әлеуметтік психологиядағы шағын топты зерттеудің әдіснамалық мәселелері

Шағын топтың психологиялық мәселесін өңдеудің әлеуметтік-тарихи және нақты-ғылыми алғы шарттары. XX ғасырдың 30-40 жылдары топтық феномендерді зерттеудің жетекші бағыттары. Соғыстан кейінгі онжылдықта шағын топты психологиялық талдаудың жалпы сипаттамасы. Зерттеудің қазіргі жағдайы және перспективасы.

Шағын топ дефинициясы. Шағын топтардың жіктелуі. Шағын топ психологиясын зерттеудің негізгі теориялық бағдарлары (бекіту теориясы, интеракционизм, өріс теориясы, психоаналитикалық бағдар, социометриялық бағдар, іс-әрекет бағыты, жүйе теориясы). Топтық құбылыстарды зерттеу әдістерінің жалпы сипаттамасы.

Тұлға және топ

Тұлға мен қоғам өзара қатынасы шағын топты әлеуметтік психологиялық зерттеудің бастапқы мәселесі ретінде (Н.Триплет, В.Меде, В.М.Бехтерев т.б.). Топтағы ережені қалыптастыру (М.Шериф, Т.Ньюком т.б.). Топтық әсер ету әдістері мен механизмдері. «Конформизм» құбылысы (С.Аш, Р.Крачфилд т.б.). Топтық азшылықтың әлеуметтік әсерінің механизмдері мен жайларын зерттеу (С.Московичи т.б.). Бірлестік құрылымындағы жеке адам: беделдіге бағыну құбылысы (Ст.Милграм).

Тұлғааралық қарым-қатынас жүйесіндегі жеке адам: персонализация тұжырымдамасы (А.В.Петровский, В.А.Петровский).

Жеке адамның топтағы әлеуметтік-психологиялық беделі. «Бедел» және «роль» түсініктерінің арақатынасы. Жеке адамның топқа бейімделуінің әлеуметтік-психологиялық заңдылықтары. Топтағы әлеуметтік-психологиялық ахуал түсінігі. (ЭПА). ЭПА көрсеткіштері мен зерттеу әдістері. Топтағы жеке адамды диагностикалау мен түзету әдістері.

Шағын топтың генезисі мен дамуы

Шағын топтың пайда болуының объективті және субъективті себептері әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде. Әлеуметтік идентификация түсінігі.

Топ дамушы жүйе ретінде. Топтың даму үлгілері (Б.Такмен, Г.Стенфорд, А.В.Петровский, Л.И.Уманский т.б.). Топ өмірлік іс-әрекетінің сыртқы және ішкі қайшылықтары оның даму көзі ретінде. Топтың психологиялық тұтастығы түсінігі (А.И.Донцов). Топтық динамика түсінігі. Топтағы интеграция және дифференциация түсінігі. Топтың «интеграциясы», «тұтастығы», «сиымдылығы» түсініктерінің арақатынасы. Отандық әлеуметтік психологиядағы ұжым мәселесі.

Шағын топта қалыптасқан өмірлік іс-әрекеттің әлеуметтік-психологиялық аспектілері

Топ бірлескен іс-әрекет субъектісі ретінде (Г.М.Андреева, А.В.Петровский т.б.).

Жетекшілік пен лидерлік топтың өмірлік іс-әрекеті процестерін басқару феномені ретінде. Лидерлік табиғатын әлеуметтік-психологиялық зерттеудің негізгі теориялық бағыттары. Менеджменттің әлеуметтік-психологиялық аспектілері.

Топтық шешім қабылдау процесі. «Топтардың поляризациясы» құбылысы. Топтық пікірталас, «брейнсторминг» топтық шешім қабылдау тиімділігін арттыру әдісі ретінде. Шағын топ типтері мен олардың тиімділік критерийлері.

Топаралық қатынас психологиясы

Топаралық қатынас психологиясын зерттеудің мотивациялық (З.Фрейд, Д.Доллард, Н.Миллер, Т.Адорно), ситуациялық (М.Шериф және т.б.), когнитивті (А.Тэшфел, Дж.Тернер, В.Дуаз) және іс-әрекеттік (В.С.Агеев) бағыттары. «Топаралық дискриминация», «топішілік фаворитизм» әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде. Топаралық қатынас және әлеуметтік әділеттілік мәселесі.

Этносаралық қабылдаудың әлеуметтік-психологиялық заңдылықтары және олардың ұлтаралық қатынастардың дамуындағы ролі. Этностық стереотип түсінігі. Этнопсихологиялық феномендерді талдаудағы салыстырмалы-мәдени бағыт.

Үлкен әлеуметтік топтардың психологиялық сипаттамалары

Әлеуметтік психологиядағы үлкен топтарды зерттеудің теориялық және әдістемелік принциптері, мәселелері. Үлкен әлеуметтік топтардың жіктелуі. Ұйымдаспаған табиғи (тобыр, демонстрация және т.б.) және жартылай ұйымдасқан уақытша (публика, митинг, аудитория және т.б.) үлкен топтардың өмірлік іс-әрекетінің психологиялық аспектілері.

Ұйымдасқан тұрақты үлкен топтар (әлеуметтік класс, этнос, қабат, кәсіби топтар, саяси партиялар т.б.) психологиясының құрылымы.

Жеке адамның ұлттық сана-сезімінің ерекшелігі мен өмірлік бейнесі. Әлеуметтік жүріс-тұрыстың этномәдени варианттылығы. Этноцентризм мен этносаралық кикілжіндердің әлеуметтік-психологиялық аспектілері.

Саяси әлеуметтену мен бұқараның таңдау ситуацияларындағы жүріс-тұрысының психологиялық мәселелері.

Діни қауымдастықтар мен бірлестіктердің психологиялық сипаттамасы.

Тобырдың әлеуметтік-психологиялық механизмдері мен динамикасы. Тобырдағы жеке адам жүріс-тұрысы. Үрей түсінігі. Бұқаралық жүріс-тұрыс заңдылықтарын түсіну үшін еліктеу, иландыру және жұқтыру процестерін зерттеудің маңызы.

Әлеуметтік психологиядағы теориялық және қолданбалы білімдердің арақатынасы

Қазіргі кездегі қолданбалы әлеуметтік-психологиялық зерттеулерге деген қызығушылықтың артуы. Әлеуметтік психологиядағы қолданбалы зерттеулердің негізгі аймақтары:

а) Бірлестіктегі әлеуметтік психология; ә) бұқаралық коммуникация жүйесінің әлеуметтік-психологиялық аспектілері /БКЖ/; б) құқыққа қарсы жүріс-тұрыстың әлеуметтік-психологиялық аспектілері; в) жанұя қызметінің әлеуметтік-психологиялық аспектілері; г) жарнаманың әлеуметтік психологиясы; ғ) басқару мен менеджменттің әлеуметтік-психологиялық аспектілері; д) ЖОО мен мектептегі әлеуметтік-психологиялық қызмет; е) шығармашылық пен өнердің әлеуметтік-психологиялық аспектілері; ж) саясаттың және т.б. әлеуметтік-психологиялық аспектілері.

Қолданбалы психологиялық зерттеулерді орталықтандыру үшін психологиялық қызметті ұйымдастыру. Психологиялық қызмет іс-әрекеттеріндегі әлеуметтік психологияның орны.

Әдебиеттер тізімі

1. Ананьев Б.Г. Психология и проблемы человекознания. / Под ред. А.А.Бодалева. М.-Воронеж., 1996.
2. Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды. — М.: Педагогика, 1980. — т.1
3. Ананьев Б.Г. О проблеме современного человекознания. — М., Наука, 1977.
4. Божович Л.И. Проблемы формирования личности. /под. ред. Д.И.Фельдштейн. Москва-Воронеж, 1995.
5. Выготский Л.С. Психология. М., 2003.
6. Выготский С.Л. Психология развития как феномен культуры. — М., 1996.
7. Выготский С.Л. Собр. Сочинений в 6-ти т. — М.: Педагогика, 1983. Т.5
8. Гамезо М. Атлас по психологии. –М., 2001.
9. Гиппенрейтер Ю.Б. Романов В.Я. Психология памяти. -М., 1999.
10. Горбатенко А. Общая, прикладная психология. – М., 2002.
11. Гуревич П.С. Психология. –М., 1999.
12. Джемс У. Психология. –М., 1999.
13. Климов Е.А. Общая психология. Общеобразовательный курс. М., 2001.
14. Крысько В.Г. Общая психология в схемах и комментариях: Учебное пособие. СПб.: Питер, 2004.
15. Леонтьев А.Н. Лекции по общей психологии. - М.: Смысл; КДУ, 2005.
16. Леонтьев А.Н. Избранные психологические труды. — М.: Педагогика, 1983. — 140-185 б.
17. Лурия А.Р. Лекции по общей психологии. - СПб.: Питер, 2005.
18. Мацумото Д. Психология и культура. СПб., 2002.
19. Маклаков А.Г. Общая психология. Спб.: Питер, 2004.
20. Маслоу А. Новые рубежи человеческой природы. Москва, 1999. 180б.
21. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. - СП б.: Питер, 2005.
22. Столяренко Л.Д. Основы психологии. Ростов-на-Дону: Феникс, 2004.
23. Стюарт-Гамильтон Ян. Что такое психология. Спб.: Питер, 2002.
24. Станкин М.И. Психология общение. – М., 2004.

25. Трофимова Н.М., Поленякина Е.В. Общая психология. Практикум. Спб.: Питер, 2005.
26. Узнадзе Д.Н. Общая психология. М.:Смысл, 2004.
27. Фромм Э. Душа человека. Москва, 1992.
28. Фрейд З. «Я и Оно». — Тб., 1991. — 125-145 б.
29. Фрейд З. Введение в психоанализ. Лекции. — М., — Наука, 1989.
30. Ярошевский М.Г., Анцыферова Л.И. Развитие и современное состояние зарубежной психологии. — М.: Педагогика, 1974. — 225-235 б.
31. Ананьев Б.Г. Человек, как предмет познания.- Санкт- Петербург, 2010г.
32. Ильин В.П. Психология индивидуальных различий. - Санкт- Петербург, 2010г.
33. Анастаси А. Дифференциальная психология. -М., 2001.
34. Ильин Е.П. Дифференциальная психофизиология. - Спб., 2001.
35. Асмолов А.Г. Психология индивидуальности. - М., 1980.
36. Психология индивидуальных различий: тексты / под.ред. Ю.Б.Гиппенрейтер - М., 1982.
37. Мерлин В.С. Индивидуальность человека: условия проявления и развития - Пермь, 1988.
38. Теплов Б.М. Психология индивидуальных различий - М., 1989
39. Петровский А.В., Ярошевский М.Г. Психология: словарь. - М., 1990.
40. Платонов К.К. Краткий словарь системы психологических понятий. - М., 1998.
41. Интернет-ресурсы
42. psychology.net.ru
43. Андреева Г.М. Социальная психология. М.: Аспект-Пресс, 2002.
44. Е.В. Андриенко Социальная психология . М.: «Академия», 2004.-264с.
45. В.А. Чернобай Ростов-на-Дону: Феникс, 2004.-256с.
46. Крысько В.Г. Социальная психология. М.: Владос-Пресс, 2002.
47. Свенцицкий А.Л. Социальная психология .М.: ООО «ТК Велби», 2003.
48. Социальная психология : Отв. ред. А.Л. Журавлев .М., ПЕР СЕ, 2002.
49. Бодалев А.А. Психология общения. Москва –Воронеж, 2002.
50. Соснин В.А, Красникова Е.А. Социальная психология. М., 2004.
51. Большакова А,Н. Социальная психология для менеджеров .Ростов-на Дону: «Феникс», 2004.
52. Горбунова М.Ю., Понукалина О.В. Социальная психология .М.: Приориздат ,2004.
53. Емельянов С.М. Практикум по конфликтологии. СПб.: Питер, 2001.
54. Справочник практического психолога Психотерапия сост С Л Соловьева М 2007 – 575
55. Справочник практического психолога – М эксмо 2007-784
56. Обозов Н.Н. Словарь практического Психолога СПб., 2001
57. Психологический Словарь под.ред. В.Копорулиной-М., 2003.